 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 7 беттің 1 беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Астана қ.

«26» қыркүйек 2024 жыл

Отырыс форматы: онлайн

Отырыс басталуы: 15:00

Отырыс материалдарына сілтеме:

https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/?clear_cache=Y


Қатысқандар:

1. ОӘБ төрағасы: К. Надыров
2. ОӘБ төраға орынбасары: Б.С.Имашева
3. ОӘБ хатшысы: А.М. Тулегенова

ОӘБ мүшелері (қатысу парағы қоса беріледі)

КҮН ТӘРТІБІ

1. Білім беру ОӘБ құрылымын, секциялардың, Жобаларды басқару топтарының, комитеттердің құрамы мен құрылымын жаңарту және бекіту және 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту – баяндамашы ОӘБ төраға орынбасары Имашева Б.С.
2. «Жалпы медицина», «Педиатрия», «Стоматология» мамандықтары бойынша 3 курс студенттерінің базалық пәндер бойынша білімдерін тәуелсіз бағалау нәтижелерін қарастыру, мәселелері, шешу жолдары. – ҰТЕО, ЖОО проректоры.
3. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары түлектерін қорытынды аттестаттау нәтижелерін қарау: мәселелері, шешімдері – ҰТЕО, ЖОО проректоры.
4. Оқулықтар мен оқу-құралдарын бекіту туралы С. Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің 2023-2024 жылдарға арналған есебі - баяндамашы Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің директоры Мұрат Әсел.
5. **Әртүрлі:**
 - 5.1 РОӘК ОӘБ отырысында бекітілген сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын каталогына енгізу туралы ақпарат – баяндамашы ҚжБР секциясының төрайымы Султангазиева А.А.
 - 5.2 Оқулықтарды бекіту туралы баяндамашы – Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің директоры, Мұрат Әсел.
 1. Оқулық: **Медицинское право**// Тлембаева Ж.У, Даулетханова А.А., Караев А.А, Базарова Г.С., Жаркенова, С.Б., Жаппарова А.С., Семёнова С.Ю., Шерстобоев О.Н., Рахметов С.М. 174с. 2024 жс. 17 мамырдағы №457 С. Қайырбекова атындағы ҰҒДДО қорытындысы
 2. Оқулық **«Медициналық құқық»**// Тлембаева Ж.У, Даулетханова А.А., Караев А.А, Базарова Г.С., Жаркенова, С.Б., Жаппарова А.С., Семёнова С.Ю., Шерстобоев О.Н., Рахметов С.М.183с. 2024 жс. 17 мамырдағы №458 С. Қайырбекова атындағы ҰҒДДО қорытындысы

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</i>	7 беттің 1 беті

3. Оқулық: **Неврология. Часть I: Основы топической и синдромологической диагностики** // Кайшибаев Н.С., Кайшибаева Г.С., Жиенбаева Б.С., Жумагулова К.Г., Избасарова А.Ш, Каримова А.С., Мухамбетова Г.А., Харченко Е.А., Даирбаева Л.О., Кузина Л.А., Кайшибаев С.Н., Кудайбергенова А.С., Петров А.В. 574с. 2024 ж. 28 маусымдағы №462 С. Қайырбекова атындағы ҰҒДДО қорытындысы

4. Оқулық **Неврология. I бөлім: Топикалық және синдромологиялық диагностика негіздері// диагностики** // Кайшибаев Н.С., Кайшибаева Г.С., Жиенбаева Б.С., Жумагулова К.Г., Избасарова А.Ш, Каримова А.С., Мухамбетова Г.А., Харченко Е.А., Даирбаева Л.О., Кузина Л.А., Кайшибаев С.Н., Кудайбергенова А.С., Петров А.В. 325с. 2024 ж. 28 маусымдағы №463 С. Қайырбекова атындағы ҰҒДДО қорытындысы

5. Оқулық: **Неврология. Часть II: Частная невропатология**// Кайшибаев Н.С., Кайшибаева Г.С., Жиенбаева Б.С., Жумагулова К.Г., Избасарова А.Ш, Каримова А.С., Мухамбетова Г.А., Харченко Е.А., Даирбаева Л.О., Кузина Л.А., Кайшибаев С.Н., Кудайбергенова А.С., Петров А.В. 432с. 2024 ж. 28 маусымдағы №464 С. Қайырбекова атындағы ҰҒДДО қорытындысы

6. Оқулық **Неврология. II бөлім: Арнайы невропатология** // Кайшибаев Н.С., Кайшибаева Г.С., Жиенбаева Б.С., Жумагулова К.Г., Избасарова А.Ш, Каримова А.С., Мухамбетова Г.А., Харченко Е.А., Даирбаева Л.О., Кузина Л.А., Кайшибаев С.Н., Кудайбергенова А.С., Петров А.В. 416с. 2024 ж. 28 маусымдағы №465 С. Қайырбекова атындағы ҰҒДДО қорытындысы

7. Оқу құралы: **Кардионкология**// Жолдин Б.К., Балмагамбетова С.К., Курманалина Г.Л., Тлегенова Ж.Ш., Талипова И.Ж. 138с. 2024 ж. 30 мамырдағы №459 С. Қайырбекова атындағы ҰҒДДО қорытындысы.

5.3 ОПҚ білімін тәуелсіз бағалауды жүргізу үшін «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ әзірлеген емтихан материалының техникалық ерекшеліктерін келісу. – баяндамашы ОӘБ төраға орынбасары Имашева Б.С.


СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. **Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі – Ақмарал Шәріпбайқызы Әлназарова:** Министр өз сөзінде «Астана медицина университеті» КеАҚ базасындағы РОӘК ОӘБ бірінші отырысының барлық қатысушыларын РОӘК Оқу-әдістемелік бөлімнің «АМУ» КеАҚ базасына көшіруімен құттықтады, әдістемелік көмекке үлкен үміт артатынын айтып, олардың жұмысына сәттілік тіледі. Министр өз сөзінде денсаулық сақтау жүйесін дамытудың бірнеше басым бағыттарына тоқталып, денсаулық сақтау саласында кадрлар даярлау мәселесінің маңыздылығының астын сызып, медициналық білім беру саласындағы алдағы жоспарларды атап өтті.

2. **Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігінің төрағасы, басқарма төрағасы-ректор – Надыров Камалжан Талғатұлы:**

- Ақмарал Шәріпбаевнаға қолдау сөздері үшін алғысын білдіріп, жүктелген міндеттер мен олардың оң орындалуы үшін РОӘК ОӘБ барлық күш-жігерін салатынын атап өтті, сондай ақ, бірнеше жыл ОӘБ-ді басқарған «С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ басшылығы мен ұжымына алғысын білдіріп, олардың барлық өзекті бастамаларын жалғастыруға және ары қарай дамытуға дайын екендіктерін қосты.

Астана медицина университетінде базалық университетті анықтау туралы Денсаулық сақтау министрлігі алқасының бұйрығын шешу үшін құрылымдық бөлімше: «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша РОӘК оқу-әдістемелік бірлестігінің жұмысын қамтамасыз ететін ұйымдастыру-әдістемелік бөлім құрылды, бөлім басшысы және ОӘБ төрағасының орынбасары болып биология ғылымдарының докторы, профессор Имашева Бағдат Сакеновна тағайындалды.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	7 беттің 1 беті

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің директоры – Кауышева Алмагүл Амангелдіқызы да осы кездесудің маңыздылығын атап өтіп, мемлекеттік гранттарды бөлуде сараланған көзқарас, студенттерді ақылы негізде қабылдау, ауылдық медицина, тәуелсіз емтихан тәртібі сияқты және т.б негізгі мәселелерге тоқталды.

1-ші сұрақ.

Білім беру ОӘБ құрылымын, секциялардың, Жобаларды басқару топтарының, комитеттердің құрамы мен құрылымын жаңарту және бекіту және 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту – баяндамашы ОӘБ төраға орынбасары Имашева Б.С. ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары Имашева Бағдат Сакеновна ОӘБ құрамы мен құрылымы, секциялар, мемлекеттік унитарлық кәсіпорындар, комитеттер туралы баяндап, 2024-2025 оқу жылына арналған Жұмыс жоспарымен таныстырды (баяндама қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

1. ОӘБ құрылымын, ОӘБ, Секциялар, Жобаларды басқару топтар, комитеттер мүшелерінің негізгі құрамын және 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **89** дауыс
 «қарсы» - жок
 «қалыс қалды» - жок

2-ші сұрақ.

«Жалпы медицина», «Педиатрия», «Стоматология» мамандықтары бойынша 3 курс студенттерінің базалық пәндер бойынша білімдерін тәуелсіз бағалау нәтижелерін қарастыру, мәселелері, шешу жолдары. – ҰТЕО, ЖОО проректорлары.

ТЫҢДАЛДЫ:

«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» ЖҚБ Басқарма төрағасы Жангереева Гульмира Турегалиевна «Жалпы медицина», «Педиатрия», «Стоматология» мамандықтары бойынша 3 курс студенттерінің базалық пәндер бойынша білімдерін тәуелсіз бағалау нәтижелері туралы баяндама жасады (баяндама қоса беріледі).

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

1. Басқарма төрағасы – «ҚазҰМУ» КеАҚ ректоры – Шоранов Марат Едігеұлы «ҚазҰМУ» КеАҚ аталған мәселенің шешу жолдарын ұсынды.


2. Басқарма төрайымы – «ҚМУ» КеАҚ ректоры – Анар Ақылбекқызы Тұрмұхамбетова бұл мәселенің шешу жолдарын ұсынды. Барлық жоғары оқу орындары алдын ала материалдарды ұсынды (материалдар қоса берілген), олардың негізінде шешім жобасы дайындалды.

ШЕШІЛДІ:

2.1 Университеттер базалық пәндердің ұзақтығы мен оқудың соңғы нәтижелерінің арақатынасына ерекше назар аудара отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын талдауы керек.

2.2 Сәтсіз тапсырған кезде студенттер үшін салдары, сондай-ақ қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін бір жыл ішінде қайта тапсыру мүмкіндігін беретін, аралық аттестаттауды өткізу ережелерін әзірлеу (ОӘБ, ЖОО, ҰТЕО). Орындау мерзімі: 2024 жылдың желтоқсаны.

2.3 Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы тестілеуге дайындық үшін әдістемелік материалдарды, оның ішінде дайындықтың барлық деңгейлері бойынша түсініктемелері бар үлгі сынақтарды дайындауы керек. Орындау мерзімі: 2025 жылдың қаңтары.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</i>	7 беттің 1 беті

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **89** дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды» - жоқ

3-ші сұрақ.

Денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары түлектерін қорытынды аттестаттау нәтижелерін қарау: мәселелері, шешімдері – ҰТЕО, ЖОО проректорлары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары түлектерін қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының басқарма төрайымы Гүлмира Төреғалиқызы Жангереева баяндама жасады. ЖОО мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын ұсынды (материалдар қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

3.1 Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру үшін Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы мәліметтерді егжей-тегжейлі талдауды қоса алғанда, ЖОО-ға нәтижелерді ұсыну әдістемесін әзірлеуі қажет. Орындау мерзім 2024 жылдың қарашасы.

3.2 Жобаларды басқару топтары денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша түлектерді қорытынды аттестаттау үшін сарапшыларды, оның ішінде әрбір жоғары оқу орнынан бір өкілді анықтауға міндетті. Сарапшылардың тізімі келесі ОӘБ отырысында бекітуге ұсынылуы керек – орындау мерзім 2024 жылдың қазаны.

3.3 Университеттер, ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттары түлектерді аттестацияға дайындау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ұйымдастыру шараларын дайындау.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **89** дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды» - жоқ

4-ші сұрақ.

Оқулықтар мен оқу-құралдарын бекіту туралы С. Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің 2023-2024 жылдарға арналған есебі - баяндамашы Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің директоры Мұрат Әсел.


ТЫҢДАЛДЫ:

Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің директоры Мұрат Әсел, С. Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің 2023-2024 жылдарға арналған оқулықтар мен оқу-құралдарын бекіту туралы есебін ұсынды (материал қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

4.1 С. Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің 2023-2024 жылдарға арналған есебін қабылдау.

4.2 Профильді мамандардың оқулықтарды дайындауы үшін, кейіннен Денсаулық сақтау бағыты бойынша ОӘБ бекітуіне ұсыну үшін жоғары оқу орындары қағаз немесе электрондық

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	7 беттің 1 беті

жеткізгіштерде жоқ оқу әдебиеттерінің тізімін даярлау. Орындау мерзімі 2024 жылдың қазаны (ЖОО, ЖжЖБББ).

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **89** дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды» - жоқ

5-ші сұрақ - Әртүрлі.

5.1 РОӘК ОӘБ отырысында бекітілген сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын каталогына енгізу туралы ақпарат – баяндамашы ҚжБР секциясының төрайымы Султангазиева А.А.

ТЫҢДАЛДЫ:

ҚжБР секциясының төрайымы Султангазиева А.А. РОӘК ОӘБ отырысында бекітілген сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын каталогына енгізу туралы ақпаратты РОӘК ОӘБ мүшелеріне ұсынды (материал қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

5.1.1 Денсаулық сақтау – даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысында бекітілген сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын каталогын АЖ-ге 2024 жылдың 4 қазанына дейін енгізуді аяқтау.

5.1.2 Бағдарламаның аяқталуына дейін 1 айдан кешіктірмей сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын АЖ каталогында жаңарту (ЖОО, ФО, ФЗИ, ҚжБФББ).

5.1.3 Денсаулық сақтау – даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысында бекітілмеген сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын каталог АЖ-нен алып тастау. Орындау мерзімі: 2024 жылдың 4 қазаны.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **89** дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды» - жоқ


5.2 Оқулықтарды бекіту туралы баяндамашы – Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің директоры, Мұрат Әсел.

ТЫҢДАЛДЫ:

– Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің директоры, Мұрат Ә. оқулықтарды бекіту туралы баяндамасын ұсынды (материал қоса беріледі).

Сұрақтар: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Демократиялық Халық Республикасының директоры Кауышева А.А.: 1) РОӘК ОӘБ арқылы бекітілген оқулықтардың авторлары қандай артықшылықтарға ие? 2) Көрсетілген оқулықтар бойынша сараптамананы алу кезінде тәуелсіз сарапшылар авторларды біле ме, яғни бұл ақпарат ашық па, әлде жабық па? 3) Сіздің ұйымыңызда антиплагиатқа бағдарламасы бар ма? 4) Оқу-әдістемелік құралдарды бекіту бойынша қарсы шешімдер болды ма?

Жауаптар: «Салидат Қайырбекова атындағы ҰҒДДО» ШЖҚ РМК медициналық білім және ғылым департаментінің директоры Мұрат А.: 1) РОӘК ОӘБ арқылы оқулықтарды немесе оқу-әдістемелік кешендерін бекіткен авторлардың оқу-әдістемелік басылымын басып шығару және республикалық деңгейде тарату құқығына ие. 2) Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге ғылыми-медициналық сараптама жүргізу үшін сарапшылар жинақталатын сарапшылардың жеке бекітілген деректер базасы бар. Оқу құралдарының авторлары туралы ақпарат көрсетіліп, толық

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 7 беттің 1 беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

жіберіледі, бірақ авторлар сарапшыны білмейді. 3) Иә, плагиатқа қарсы бағдарлама бар, біз бағдарламаны жыл сайын сатып аламыз. Жұмыстың өзіндік ерекшелігі 70 пайыз болса, оң шешім береміз. 4) 2023, 2024 жылдары бас тартулар болған жоқ, бірақ 2022 жылы кері қайтарылған жұмыстар болды, бірақ қайта қараудан кейін бұл жұмыстар бекітілді.

ШЕШІЛДІ:

5.2.1 Оқулық: **Медицинское право// Медициналық құқық** //Тлембаева Ж.У, Даулетханова А.А., Караев А.А, Базарова Г.С., Жаркенова, С.Б., Жаппарова А.С., Семёнова С.Ю., Шерстобоев О.Н., Рахметов С.М. 174с. орыс және қазақ тілінде бекіту.

5.2.2 Оқулық: **Неврология. 1-2 бөлім** // Кайшыбаев Н.С., Кайшыбаева Г.С., Жиенбаева Б.С., Жумагулова К.Г., Избасарова А.Ш, Каримова А.С., Мухамбетова Г.А., Харченко Е.А., Даирбаева Л.О., Кузина Л.А., Кайшыбаев С.Н., Кудайбергенова А.С., Петров А.В. 574с. Часть I.: Основы топической и синдромологической диагностики. Часть II.: Частная невропатология.

Ішкі рецензент- м.ғ.д., АМУ КеАҚ сот медицинасы кафедрасының профессоры Ф.Галицкий. Сыртқы рецензент – «Волгалық экономика, педагогика және құқық институты» ЖБ МБЖББМ (Ресей) Ғылыми-зерттеу жұмысының және цифровизация бойынша проректоры, ю.ғ.к., доцент Апарина И.В.

5.2.3 Қайшыбаев С.К. Неврология: оқулық. - 2 бөлімнен тұрады - Түзетіліп, толықтырылып қайта басылды.-Алматы, 2024. Дайындаған ұжым: Қайшыбаев Н.С., Кайшыбаева Г. С., Жиенбаева Б. С., Жұмағұлова К. Ф., Избасарова А. Ш., Кәрімова А. С., Мухамбетова Г. А., Харченко Е.А., Даирбаева Л. О., Кузина, Л. А. Қайшыбаев С. Н., Құдайбергенова А. С., Петров А. В. I бөлім: Топикалық және синдромологиялық диагностика негіздері. II бөлім: Арнайы невропатология: Ішкі рецензент - м.ғ.д., профессор, академик Е.Д.Даленов. Сыртқы рецензент - М.С. Нарикбаев атындағы ҚазМЗУ Ғылыми сараптама және талдау институтының директоры, ю. ғ.д., профессор, ҚР Жаратылысыны ғылымдары академиясының академигі Республики Казахстан М.Қоғамов.

5.2.4 Оқу құралы: **Кардионкология**// Жолдин Б.К., Балмагамбетова С.К., Курманалина Г.Л., Тлегенова Ж.Ш., Талипова И.Ж. 138с. Ішкі рецензент №1– м.ғ.д., профессор, «А.С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ Қазақстан кардиологтары Ассоциациясының президенті, Еуропалық кардиологтар қоғамының мүшесі Беркинбаев С.Ф. Сыртқы рецензент №1 – «Астана медицина университеті» КеАҚ ішкі аурулар кафедрасының профессоры, м.ғ.д., Д.Ж.Тайжанова.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - 89 дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды» - жоқ

5.3. ОПК білімін тәуелсіз бағалауды жүргізу үшін «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ әзірлеген емтихан материалының техникалық ерекшеліктерін келісу. – баяндамашы ОӘБ төраға орынбасары Имашева Б.С.

ТЫНДАЛДЫ:

ОӘБ төраға орынбасары Имашева Бағдат Сакеновна ЖБТ, комитеттер емтихан материалының техникалық ерекшеліктеріне жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша ақпарат ұсынды (материал қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

5.3.1 ОПК білімін тәуелсіз бағалауды жүргізу үшін емтихан материалының техникалық ерекшеліктерін келісу.



«Астана медицина университеті» КеАҚ
Сапа нысаны

«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының
хаттамасы

Н-АМУ-127-02-24
Бас. № 1
7 беттің 1 беті

5.3.2 «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ ЖБТ-лар ұсынған өзгерістер мен толықтыруларды ескеріп, емтихан материалдарына қосу

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - 89 дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды» - жоқ

РОӘК ОӘБ Төрағасы

Хатшы

К.Т. Надыров

А.М. Тулегенова